№1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС
«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ 2024–2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫ МЕН БАСЫМДЫҚТАРЫ»

Өткізу күні: 2024 жыл 28 тамыз
Өткізу форматы: офлайн
Мақсаты: мемлекеттік білім беру саясатын іске асыруда бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету, 2024–2025 оқу жылына педагогикалық ұжым қызметінің негізгі міндеттерін анықтау.
Ұзақтығы: 90 минут
Қатысушылар: Меңгеруші, әдіскер, барлық педагогтар мен мамандар, 2 ата-ана, хатшы.

1. КҮН ТӘРТІБІ

1. Жаңа оқу жылында білім беру ұйым жұмысының басымдықтары мен негізгі бағыттары туралы. Балабақша меңгерушісі Махметова Ж.К
2.Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың Тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі (15.08.2025 ҚР Оқу-ағарту министрлігінің өзекті мәселелері) бейнеролик көру.
3. 2024 – 2025 оқу жылының жылдық жоспарының орындалуы туралы ақпарат. 2024-2025 оқу жылына балабақшаның дайындығы.
4. 2024-2025 оқу жылындағы оқу жоспары мен нормативті құжаттармен таныстыру, 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.
5. 2024 - 2025 оқу жылы бойынша;
- балабақшаның жылдық жоспарын бекіту;
- оқу жұмыс жоспарын бекіту;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесін бекіту;
- тәрбиешілер мен мамандардың жылдық жоспарларын бекіту;
- таңғы жаттығулар кестесін бекіту;
- күн тәртібін бекіту;
- әдістемелік кеңестер жоспарын бекіту;
- аттестаттау жұмыс жоспарын бекіту;
- инклюзия жұмыс жоспарын, ережесін бекіту
- эксперименттік алаң жұмыс жоспарын, жұмыс тобын бекіту;
- аттестаттау комиссия мүшелерін бекіту;
- педагогикалық кеңестің құрамын бекіту;
- педагогикалық кеңестің хатшысын бекіту;
- педагогтардың штаттық кесте бойынша тарификациясын бекіту
- топтар комплектациясын бекіту;
- әдеп комиссия мүшелерін сайлау, бекіту;
- әдеп комиссиясының жұмыс жоспарын, ережесін бекіту;
- қамқоршылық кеңестің мүшелерін, жұмыс жоспарын, ережесін бекіту;

- қссымша ақылы қызметтер мамандарының перспективалық жоспарларын, қосымша ақылы қызметтер кестесі мен қатысатын балалар тізімі бекіту;
-ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмыс жоспарын бекіту.
«Сарыарқа тану», «Тілге бойлау», «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының жүргізу жоспарын бекіту;
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы, №83 бұйрық «Педагог қызметкерлерді аттестаттау Ережесі» бойынша 2024-2025 оқу жылында атестаттаудан өтетін педагогтар туралы мәлімет беру, 2024-2025 оқу жылы бойынша аттестаттау комиссия мүшелерін сайлау.
6. Марапаттау.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша меңгеруші Ж.К.Махметова жаңа оқу жылында білім беру ұйым жұмысының басымдықтары мен негізгі бағыттары туралы айтып, түсіндіріп өтті.
2. Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың Тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі (15.08.2025 ҚР Оқу-ағарту министрлігінің өзекті мәселелері) бейнеролик көрсетілді.
3. Меңгеруші Ж.К.Махметова 2024 – 2025 оқу жылындағы жылдық жұмыс жоспарына тоқталып өтті. Педагог қызметкерлердің сапалық құрамына, санаттарына, педагогикалық кеңестерге, өткізілген қалалық семинарға тоқталып өтті. Жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді. Әдістемелік оқу құралдары толық жеткілікті. 1-2 қабатта ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Топтар жылу маусымының тексерістерінен өтті. Балабақша және топтар жаңа оқу жылына толық дайын деп айтуға болады.
4. 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хатпен, оқу жұмыс жоспары және нормативті құжаттармен педагогтарды Әдіскер Б.Қ. Әжімұрат таныстырып өтті. (Нормативті құжаттар тізбесінің материалдары тіркелген).
5.Ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі, таңғы жаттығу, күн тәртібі кестелері, тәрбиешілер мен мамандар жылдық жоспарлары тексерілді. Әдістемелік кеңес жоспары, аттестаттау жұмыс жоспары жасалынып тексерілді, бекітіледі.

Мемлекеттік білім беру саясатын іске асыру шеңберінде биылғы оқу жылында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын, «Сарыарқа тану», «Тілге бойлау» бағдарламалармен жұмыс істейміз.

Балабақша тақырыбы: Балалалардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары

Мақсаты: Заман талабына сәйкес балалардың дені сау, танымдық қабілеттері, интеллектуальдық ойлау қабылеттері, тілдері дамыған тұлғаны қалыптастыру. Ата-аналармен балабақша арасында тығыз қарым-қатынас орнату.

Міндеттері:
- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру;

- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Оқу тәрбие жұмысының жоба бағыттары:
1.Мектеп жасына дейінгі балалардың «Денсаулық сақтау» технологиясын қолдану арқылы денсаулықтарын нығайту мақсатында «Салуатты өмір салты» бағытын алдық.
Жобаның міндеті:
- Тәрбиелеу , оқытуда инновациялық формалары мен әдістерін қолдану, педагогтар мен ата-аналарға педагогикалық көмек көрсету;
- балалардың танымдық және тілдік қабілеттерін қалыптастыру;
- қол саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту;
2. Инновациялық жоба «МДҰ балалардың креативті ойлауын, логикасын, танымын дамытуға арналған ойындар»
Жобаның мақсаты:
Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерге, маман -педагогтерге балалармен жүргізілетін түрлі жұмыстарда қолдануға арналған ойындар түрлерін жинақтап ұсыну арқылы қолдау білдіру.
3. Эксперименттік алаң «Балалардың креативті ойлауын, логикасын, танымын дамытуға арналған ойындар»
Эксперименттік алаң мерзімі. 2024-2026 оқу жылдары.
Меңгеруші Ж.К.Махметова кесте тарификациясы бойынша әдіскер -1,0 бірлік, барлық тәрбиешілерге-1,5 бірлік, педагог-психолог-1,0 бірлік, қазақ тілі педагогтері – 1,25 бірлік, музыка жетекшілері – 1,0 бірлік, дене шынықтыру-1,0 бірлік. (Педагог қызметкерлерге берілген тарификация бірліктері мен материалдар тіркелген).
Топтар комплектациясы жасалынды.
Педагогикалық әдеп мәселелері жөніндегі кеңес төрайымы Ж.К. Махметова кеңес мүшелеріне: Бейсенова Б.Ж, Кулынтаева Т.Б, Жумина К.Е, Мырзалиев Л.Т, Ағыбетова Р.Е дауысқа салайық. Дауыс берілді. Қарсы жоқ. Бірауыздан әдеп мүшелері сайланды.
2007 жылғы 27 шілдедегі №319-IIIҚР «Білім туралы» заңы, ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 «Мектепке дейінгі ұйымдардың типтік ережесі» қаулысы, Астана қаласының Әкімдігінің қаулысымен, мектепке дейінгі мекеменің Жарғысы» негізінде қосымша ақылы қызметтер жұмыстарын жалғастырады. Ата-аналар мен балабақша меңгерушісі арасында келісім- шарт жасалынып, қосымша ақылы үйірмелер кестесі, мамандар тізімін, жылдық жоспарларын әкелді, тексерілді, бекітіледі. Ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмыс жоспары мен іс-шаралар жоспарын жасап, ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс

жасаймыз. Ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмысқа әдіскер Усенова А.Б жауапты.

5. Әдіскер Б.Қ.Әжімұрат Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы «27» қаңтардағы №83 бұйрығымен бекітілген «Педагог қызметкерлерді аттестаттау Ережесінің», ҚР Оқу-ағарту министрінің 02.04.2024 жылғы №72 бұйрық бойынша 2025-2026 оқу жылында келесі педагогтар аттестаттаудан өтті: тәрбиешілер мен педагогтердің санатқа баруы туралы айтты.

Балабақшаның меңгерушісі Ж.К.Махметова аттестаттау комиссиясының мүшелерін таңдауға келесі кандидатураларды ұсынамын: төрайымы
№14 «Ақбөпе» бб әдіскері Ж.Ж.Бекенова педагог-зерттеуші
Аттестаттау комиссиясының мүшелері:
№14 «Ақбөпе» бб қазақ тілі педагогі Р.И. Ағыбаева педагог-сарапшы
№51 «Алтын сандық» б/б тәрбиешісі Дүйсенбек Ш, педагог-сарапшы
Жұмабаев атындағы халықаралық МД арнайы оқытушысы А.У. Сулейменова педагог-сарапшы
№12 «Қарлығаш» б/б тәрбиешісі А.А. Туленова дене тәрбиесі нұсқаушысы педагог-сарапшы
№12 «Қарлығаш» б/б тәрбиешісі А.Г.Азизова педагог-сарапшы
№12 «Қарлығаш» бб логопед А.М Абильмажинова педагог-сарапшы
және хатшы Ж.М Оразбекова ұсынды. Дауыс берілді. Қарсы жоқ. Бірауыздан аттестаттау комиссия мүшелері сайланды.
2025-2026 оқу жылында келесі педагогтар аттестаттауға өтініш жасады.

Шешімі:

1. 2023–2024 оқу жылының жылдық жоспарының орындалуы, жазғы сауықтыру - шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстары «жақсы» деп саналсын.
2. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспар, оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі, тәрбиешілер мен мамандардың жылдық жұмыс жоспарлары, таңғы жаттығу кестесі,топтардың күн тәртібі, балабақша қызметкерлерінің ішкі тәртіп ережелері мен күн тәртібі, педагогикалық кеңестің құрамы, педагогтардың штаттық кесте бойынша тарификациясы, инклюзия жұмыс жоспары, топтар комплектациясы, тәлімгерлік туралы ереже, қосымша ақылы қызметтерге педагогтарды бекіту, қосымша ақылы қызметтер кестесі мен мамандарының жылдық жоспарларын бекіту, ата-аналарды педагогикалық қолдау жұмыс жоспары мен іс-шаралар жоспары бекітілсін.

Жауапты: Меңгеруші Ж.К. Махметова

3. «Сарыарқа тану», «Тілге бойлау», «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асырылсын.

Жауапты: Меңгеруші Ж.К. Махметова

4. Эксперименттік алаң жұмыс жоспары құрылсын. Инновациялық жоба «Балалардың жобалық әрекетіндегі жасанды интеллект мүмкіндіктері» ашылсын.

Жауапты: инновация әдіскері Б.Қ.Әжімұрат
Орындалу мерзімі: 28.08.2025 жыл

5. 2025-2026 оқу жылында келесі педагогтар аттестаттауға:
Тәрбиеші Тоғытал Г- «педагог модератор»; логопед Бейсенова Б.Ж «педагог модераторға», педагог-психолог Қалдыбекова Г.С педагог-модераторға өтініш жасады.

.

Орындалу мерзімі: 28.08.2025 жыл

6. 2025- 2026 оқу жылына қосымша ақылы қызметтер көрсету педагог қызметкерлерін, қосымша ақылы қызметтер мамандарының перспективалық жоспарлары, қосымша ақылы қызметтер кестесі мен қатысатын балалар тізімі бекітілсін.

7. 2025-2026 оқу жылына әдеп комиссия мүшелері құрамы сайлансын.

Жауапты: Меңгеруші Ж.К. Махметова
Орындалу мерзімі: 28.08.2025 жыл

№12 «Қарлығаш» балабақшасы
Меңгерушісі Ж.К. Махметова
Хатшы: Т.Б.Кулынтаева

Астана қаласының әкімдігі
№ 12 «Қарлығаш» балабақшасы
№2 Педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Күні: 27.11.2024 жыл Қатысқандар: 18

№12 «Қарлығаш» б/б меңгерушісі Ж.К.Махметова, әдіскер, педагог-психолог, музыка жетекшілері, қазақ тілі педагогтері, дене тәрбие нұсқаушылары, топ тәрбиешілері, ата-аналар комитетінен 2 адам.
Тақырыбы: «Денсаулық» саласы бойынша іс-тәжірибиемен бөлісу.

Күн тәртібінде:
1.Алдыңғы педкеңестің шешімін орындалуы туралы ақпарат.
/Әдіскер Б.Қ.Әжімұрат/
/Тәрбиешілер мен мамандар/
2. «Қоршаған әлеммен денсаулық әлемі» -баяндама.
/ Тәрбиеші Жумина К.Е/
3. «Денсаулық еліне саяхат» іс-тәжірибемен бөлісу
/Дене тәрбие нұсқаушысы Жетен Д.М/
4. Дене тәрбиесі ұйымдастырылған іс-әрекеті жұмыстарының жүргізілуін талдау, тақырыптық бақылаудың нәтижесі
/Әдіскер Б.Қ.Әжімұрат /
5. Тренинг «Денсаулық байлықтан қымбат» / Психолог Ж.Қалдыбекова/
6. Шешімдер қабылдау.

Тыңдалды:
1. Меңгерушісі Ж.К.Махметова Алдыңғы педкеңестің шешімі бойынша барлық жұмыс толығымен орындалды. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспар, оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі, тәрбиешілер мен мамандардың жылдық жұмыс жоспарлары, таңғы жаттығу кестелері, күн тәртібі, педагогикалық кеңестің құрамы, педагогтардың штаттық кесте бойынша тарификациясы бекітілді. Қосымша ақылы қызметтер бойынша барлық топтар арасында жалпы ата-аналармен жиналысы өткізілді. Онда кезекші топ, хореография, театр үйірмесі, каратэ, қосымша жұмыс істейді, ата-аналардан өтініштер жинақталып, шартқа қолдарын қойды.
2. Тәрбиеші Сатыбаева А «Қоршаған әлемдегі денсаулық әлемі» атты баяндама оқыды. Ауыз судың дене ағзасына пайдасы туралы айта келе, күніне адам баласы 2 литрдан кем емес су ішіп тұру керектігін, ол қан айналысының жақсаруына әкеліп соғатынын айта келе, біздің балабақшада әр топ бөлмесінде диспенсер бар екендігін, судың әрдайым ауыстырылып тұратындығын, балалар ағзасына маңыздылығын айтып өтті.

3. «Денсаулық еліне саяхат» тақырыбында іс-тәжірибемен бөлісу туралы дене тәрбие нұсқаушысы Жекен Д сөз алды. Ол шынығу процедураларының бала ағзасына тигізер әсеріне, күнделікті таңғы жаттығуды, дене шынықтыру, шынықтыру шараларын, серуенді дұрыс ұйымдастырып, сапалы өткізгенде ғана баланың денінің саулығына үлес қостым деп санауға болады. Оның ішінде тек қана шынықтыру шаралары ғана емес, мәдени-гигиеналық машықтарды, баланың ұйқысы, қажетті құрал-жабдықтардың, қозғалыс, ұлттық ойындарының да кіретіндігін ұмытпауларын тапсырды.

Әдіскер Әжімұрат Б «Салауаттылық – денсаулық кепілі» туралы айта келе, санитарлық-гигиеналық машықтарды дұрыс ұйымдастырғанда, күн тәртібін дұрыс сақтаған жағдайда ғана дені сау, толыққанды шыныққан баланы көре аламыз. Ол медбикемен бірге барлық топтардағы дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің сапасын анықтау мақсатында тақырыптық бақылау жүргіздік, дене тәрбие ұйымдастырылған іс-әрекеті күнде өткізіледі, мектепалды топтарында кесте бойынша өтеді, дене тәрбие нұсқаушысы Жекен Д ұйымдастырылған іс-әрекетінің тиянақты дайындалған, майтабан балалармен жұмыс, жеке жұмыс, шынықтыру шаралары өтеді, «жақсы» деп бағалаймын. Барлық тәрбиешілер мен мамандар келесі педагогикалық кеңеске қаңтар айының аралық бақылауларын өткізіп, диагностикасын электронды түрде жинақтап, тапсырсын.

5. Педагог –психолог Г.Қалдыбекова «Денсаулық байлықтан қымбат» атты тренингті қызықты өткізді.

Тренингтің мақсаты: Адам өзінің денсаулығына жауапкершілікпен қарауға, оны күте білуге, салауатты өмір сүруге бағыттау.

6. Шешімдер қабылдау.

Шешімі:

1. №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы «жақсы» деп саналсын.
2. Дене тәрбие ұйымдастырылған іс-әрекетінің сапасы «жақсы» деп саналсын.
3. Сауықтыру-шынықтыру шаралары әрдайым уақытымен өткізілсін.

   Жауаптылар: дене тәрбие нұсқаушылары

   Орындалу мерзімі: Жекен Д
4. Барлық тәрбиешілер мен мамандар аралық бақылаулар жүргізсін.

   Жауапты: тәрбиешілер, мамандар.

   Орындалу мерзімі: желтоқсан- қаңтар аралығы

№12 «Қарлығаш» б/б меңгерушісі Ж.Махметова

Хатшы Г.Б.Кулынтаева

Астана қаласының әкімдігі
№ 12 «Қарлығаш» балабақшасы
№3 Педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Күні: 29.01.2025 жыл Қатысқандар: 17

№12 «Қарлығаш» б/б меңгерушісі Ж.Махметова, әдіскерлер, педагог-психолог, музыка жетекшілері, дене тәрбие нұсқаушылары, қазақ тілі педагогтері, топ тәрбиешілері, 2 ата-ана.

Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдерін ойын арқылы дамыту.

Мақсаты: Коммуникативтік дағдылары бойынша балалардың тілдерін ойын арқылы дамыту, сөздік қорын көбейту; байланыстыра отырып сөйлем құрастыруға үйрету.

Өткізілу түрі: Практикум

Күн тәртібінде:

1. Алдыңғы педкеңестің шешімін орындалуы туралы ақпарат.
2. Іс-тәжірибесімен бөлісу. Сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған іс-әрекетінде балалардың тілдерін дамыту» / Ж.Махметова./
3. Музыка арқылы балалардың тілін дамыту /Тлеуберген А.А/
4. Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы мектепалды балалардың сөздік қорын байыту / Кулынтаева Т.Б/

5. Тақырыптық бақылау: Коммуникативтік дағдылары бойынша балалардың тілдерінің даму деңгейі. /Шарипова М/

6. Тренинг «Ойын арқылы баланың тілін дамыту» / Қалдыбекова Г/

7. Шешімдер қабылдау.

Тыңдалды:

1.Меңгерушісі Ж.К.Махметова Алдыңғы педкеңестің шешімі бойынша барлық жұмыс толығымен орындалды.

2. Іс-тәжірибесімен бөлісу. «Сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған іс-әрекетінде балалардың тілдерін дамыту» тақырыбында тәрбиеші Досымбекова А.Т: балабақшада балаларды бақылап, талдау жүргізгенде балалардың халық ауыз әдебиеті арқылы, көрнекіліктер қолдану мен ұсақ саусақ моторикасын дамыту арқылы балалардың тілдерін дамытуға көп көмегін тигізетінін білдім, сондықтан іс - тәжірибиемде көбінесе, көп көрнекіліктер қолданып, балаларға

сөйлем құрастыруға және оны әңгімелеп беруге көп көңіл аударамын. Сұрақтарға толық жауап алуға, рөлдерге бөлініп ойнатуда балалардың тілдері тез дамып, сөздік қоры көбеяді.

3. Музыка жетекшісі Тілеубаева А.Т «Музыка арқылы балалардың тілін дамыту» тақырыбында әрбір музыкалық шығарманың өз ырғағы мен ритмі бар. Бұл балаларға дыбыстарды дұрыс естуге және оларды дұрыс айтуға үйретеді. Ән айту кезінде, сөздік қорлары дамиды. Балалардың музыкалық шығармашылығында қалыптасуы - ол түрлі сұлу әуендегі музыкалық аспаптар, балалар алдында қызығушылық музыкалық-танымдық мақсат қою, олардың өмірлік және көркемдік әсемдігінің актуальдылығы, қор жинау т.б.

4. «Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы мектепалды балалардың сөздік қорын байыту» тақырыбында қазақ тілі педагогы Кулынтаева Т.Б сөздік қорды байыту үшін сөздік дидактикалық ойындар мен тіл ұстарту жаттығулары мен ойындар көп қолдану өзіне қатты ұнайтындығын, балалардың ойлау, шешім қабылдау қабілеттеріне әсер ететіндігін айта отырып, тілдерінің дамуына әсер етеді, балалар ойлап отырып, ойнай алады және жасаған нәрселері туралы сөйлем құрастырып, әңгімелеп береді және тапсырмаларды орындауға балалардың қызығушылығы жоғары.

5. Әдіскер Б.Әжімұратова - Барлық топтарда балалардың тілдік құзыреттілігін анықтау мақсатында Коммуникативтік дағдылары бойынша балалардың тілдерінің даму деңгейі бойынша тақырыптық бақылау жүргізілді, бақылау кезінде барлық топтарда ұйымдастырылған іс-әрекет ойын түрінде өтті.Тәрбиешілер мен мамандардың циклограммасы жазылған, көрнекіліктер аздау болды. Тақырыптық бақылау бойынша мынандай кемшіліктер кетті:

- балаларға сұрақтарды нақты және дұрыс қою керек;
- ересек пен мектепалды топтарында сұраққа толық жауап берілмейді;
- мектепалды топта сауат ашу ұйымдастырылған іс-әрекетін дыбыстық талдауды 50% балалар меңгермеген.
- сөйлем құрастыру жағынан жұмыстар жүргізу керек, мектепалды тобының балалары бірнеше сөйлем құрастырып, әңгімелеп айта білу керек;
-тәрбиешілер дауыс ырғағымен, эмоционалды болу керек;
- көрнекіліктер аз қолдануда, әр оқу қызметінде дидактикалық ойын міндетті түрде болу керек. Осы айтылған кемшіліктер түзетіліп, оқу қызметтері мемлекеттік стандарттың талаптарына сай жүргізілсін. Өз кәсіптік деңгейлерімен жұмыс жасауды, басқа топ тәрбиешілеріұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысуларын, интернетпен жұмыс жасау керек. Күннің екінші жартысында жеке жұмыстар жүргізу және ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болу керектігін айтып өтті.

Бастапқы мониторингпен салыстырғанда балалар аралық бақылауында балалардың біршама білім деңгейлері көтерілгенін айтып өтті. (Барлық мәліметтер слайдтан көрсетіліп, электрондық нұсқасы тапсырылды).

Аттестаттаудан өтетін педагогтар «Ұстаз» платформасына портфолиоматериалдарын жүктеп, тестке жақсылап дайындалыңыздар.

6.«Ойын арқылы баланың тілін дамыту» атты тренингті педагог-психолог Қалдыбекова Г қызықты өткізді.

Тренингтің мақсаты: Тәрбиешілерге арналған балалар іс-әрекетінің негізгі түрі ойын екендігін түсіндіру және маңыздылығын жеткізу. Ойынның түрлерімен таныстыру.

7.Шешімдер қабылдау.

№3 Педагогикалық кеңесінің шешімдері:

1. Тәрбиеші мен мамандар ұйымдастырылған іс-әрекеттер инновациялық әдістер мен технологияларды қолдануды жалғастырсын.

Жауаптылар: барлық педагогтар.
Орындалу мерзімі: жыл бойы

2. Коммуникативтік дағдылары бойынша балалардың тілдерінің дамытуға жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.

Жауаптылар: тәрбиешілер
Орындалу мерзімі: жыл бойы

№12 «Қарлығаш» балабақшасы меңгерушісі Ж.К.Махметова
Хатшы: Т.Кулынтаева

Әдіскер Б.Әжімұратова есебі:

- Барлық топтарда балалардың тілдік құзыреттілігін анықтау мақсатында Коммуникативтік дағдылары бойынша балалардың тілдерінің даму деңгейі бойынша тақырыптық бақылау жүргізілді, бақылау кезінде барлық топтарда ұйымдастырылған іс-әрекет ойын түрінде өтті.Тәрбиешілер мен мамандардың циклограммасы жазылған, көрнекіліктер аздау болды.Тақырыптық бақылау бойынша мынандай кемшіліктер кетті:
- балаларға сұрақтарды нақты және дұрыс қою керек;
- ересек пен мектепалды топтарында сұраққа толық жауап берілмейді;
- мектепалды топта сауат ашу ұйымдастырылған іс-әрекетін дыбыстық талдауды 50% балалар меңгермеген.
– сөйлем құрастыру жағынан жұмыстар жүргізу керек, мектепалды тобының балалары бірнеше сөйлем құрастырып, әңгімелеп айта білу керек;
-тәрбиешілер дауыс ырғағымен, эмоционалды болу керек;
- көрнекіліктер аз қолдануда, әр оқу қызметінде дидактикалық ойын міндетті түрде болу керек. Осы айтылған кемшіліктер түзетіліп, оқу қызметтері мемлекеттік стандарттың талаптарына сай жүргізілсін. Өз кәсіптік деңгейлерімен жұмыс жасауды, басқа топ тәрбиешілері оқу қызметтеріне қатысуларын, интернетпен жұмыс жасау керек. Күннің екінші жартысында жеке жұмыстар жүргізу және ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болу керектігін айтып өтті. Ақпан айында «Құндылықтарға негізделген білім беру балабақшада» атты қалалық семинар өткіземіз.
Әдіскер Б.Әжімұрат Балалардың білім деңгейі туралы тәрбиешілер мен мамандар қазан-желтоқсан айы аралығында бастапқы мониторингпен салыстырғанда балалар аралық бақылауында балалардың біршама білім деңгейлері көтерілгенін айтып өтті. (Барлық мәліметтер слайдтан көрсетіліп, электрондық нұсқасы тапсырылды). Ата-аналарға ватсап, инстаграм желісі бойынша материалдар салынып отырады.

Астана қаласының әкімдігі
№ 12 «Қарлығаш» балабақшасы
№4 Педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Күні: 20.03.2025 жыл. Қатысқандар: 17

№12 «Қарлығаш» б/б меңгерушісі Ж.Махметова әдіскерлер, педагог-психолог, музыка жетекшілері, дене тәрбие нұсқаушылары, қазақ тілі педагогтары, топ тәрбиешілері, 2 ата-ана.

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесі».

Мақсаты: Педагогтардың мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесіне даярлығын жетілдіру.

Күн тәртібінде:

1.Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімін орындалуы туралы ақпарат
2. Баяндама: «Экологиялық тәрбиенің психологиялық ерекшелігі»
Тәрбиеші Сатыбаева А
3.Практикалық жұмыс: «Көшет отырғызу!» іс-тәжірибесімен бөлісу.
Шарипова М
4. «Көктем мезгіліндегі табиғат бұрышын» дайындау /барлық топтар/
5. Мектепалды топтарының балаларының білім деңгейлерінің нәтижелері.
6. Тренинг. «Педагогтың эмоциональды тұрақтылығы» Қалдыбекова Г
7.Шешімдер қабылдау.

1.Тыңдалды: Балабақша меңгеруші Ж.Махметова педагогтарды педагогикалық кеңестің тақырыбымен, мақсатымен таныстырып өтті. яғни №3 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды.

2.Тыңдалды тәрбиеші Сатыбаева А «Экологиялық тәрбиенің психологиялық ерекшелігі» атты баяндамасында табиғатпен танысу барысында бала өз көзімен көріп, қолымен ұстап көреді. Қазіргі таңда жас ұрпаққа тәрбие берудегі басты мақсат ұлттық рухы жоғары, өз Отанын, туған жерін сүйе білетін азамат тәрбиелеу. XXI ғасыр жеткіншегі дене, рухани ойлау жағынан жан-жақты, кез-келген сәтте шешім қабылдай алатын жеке тұлға болуы тиіс. Бұл үшін тәрбиешінің шығармашылдығы, жаңашылдығы, көп ізденісті қажет етеді. Ал мектепке дейінгі оқытуда білім, білік дағдыларымен қатар тәрбие жұмыстарының сан алуан, қызықты жүргізу тәрбиешіден шеберлікті талап етеді. Қоршаған ортамен қарым-қатынаста тәртіптілік, ұқыптылық ережелерін орындау, табиғатқа қамқорлық таныту қабілетін дамытуға көмектеседі.

3.Тәрбиеші Практикалық жұмыс: «Көшет отырғызу!» өз іс-тәжірибесінен ортаңғы тобының балаларымен отырғызған көшеттерін слайд арқылы көрсетті. Балалар тәрбиешімен бірге көшетті күнделікті қалай өсіп келе жатқанын көріп, бақылап жүрді. Балалар шекілдеуіктің көшетіне өздері су құйып, күтіп баптап отырған.

4. 2025 жылдың 1-30.04 аралығында барлық топтар арасында «Көктем мезгіліндегі табиғат бұрышының» жұмыстары дайындалынып, бақылау жүргізіледі. Табиғат бұрышы ережелерге сай, балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты бөлме гүлдері және оған керекті құрал-жабдықтар болуы керек, толық емес, сондықтан балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты сай, нормативт құжаттар бойынша толықтырылу қажет. «Табиғат бұрышы» көрмесі қорытындысы келесі педагогикалық кеңесте шығады. «Көктем мезгіліндегі табиғат бұрышының» көрмесіне әділ қазылар мүшелері ретінде келесі педагогтарды:

5. Мамыр айының 2-23 аралығында балалардың білім деңгейі тексеріп, қорытынды мониторинг өткізу керек. Келесі педагогикалық кеңеске мониторинг нәтижесінен мамандар мен тәрбиешілер есеп береді. Әдіскері Әжімұратова Б барлық топта ашық ҰІӘ мамыр өткізіледі, тәрбиешілер мен мамандар бір-бірлерінің ашық ҰІӘ қатысып, әртүрлі әдіс-тәсілдер қолданып, интерактивті іс-тәжірибелерімен бөлісеміз.

6. Педагог-психолог Қалдыбекова Г «Педагогтың эмоциональды тұрақтылығы» атты педагогтармен қызықты тренинг өткізді.

№4 Педагогикалық кеңесінің шешімдері:

1. Экологиялық тәрбиені жетілдіру мақсатында табиғат бұрыштары керекті құрал-жабдықтармен толықтырылсын.

Жауапты: Тәрбиешілер
Мерзімі: үнемі

2. «Табиғат бұрышы» көрмесі ұйымдастырылсын және әділ қазылар алқасы мүшелері сайлансын.

Жауапты: Тәрбиешілер
Мерзімі: 20.03.2025 жыл

3. Барлық педагог-мамандар келесі педагогикалық кеңеске балалардың білім деңгейі тексеріп, мониторинг өткізсін.

Жауапты: мамандар мен тәрбиешілер
Мерзімі: 2-23 мамыр аралығы.

№12 «Қарлығаш» балабақша меңгерушісі Ж.Махметова
Хатшы: Т.Кулынтаева

Астана қаласының әкімдігі
№ 12 «Қарлығаш» балабақшасы
№5 Педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Күні: 29.05.2025 Қатысқандар: 15

№12 «Қарлығаш» б/б меңгерушісі Ж.Махметова әдіскер, педагог-психолог, музыка жетекшілері, қазақ тілі педагогтары, педагогтары, дене тіәрбие нұсқаушылары, топ тәрбиешілері, 2 ата-ана.

Педагогикалық кеңесінің тақырыбы: Қорытынды

Мақсаты: Жылдық жоспардың орындалуын қорытындылау, жетістіктерін, кемшіліктерін талдау.

1. Алдыңғы педкеңестің шешімін орындалуы туралы ақпарат. Жыл бойы балабақшада істелінген жұмыстарға қорытынды.

Әдіскер Б.Әжімұратова

2. Тәрбиешілер мен мамандардың қорытынды жұмыс есебі.

Мамандар мен тәрбиешілер

1. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және жазғы оқу қызметтерінің кестесін бекіту.

Меңгеруші Ж.Махметова

3. 2025-2026 оқу жылында аттестатталатын педагог қызметкерлердің тізімдерін бекіту.

Меңгеруші Ж.Махметова

5. Тренинг. «Жақсы мен жаман біздің өміріміздің бәлігі!»

педагог-психолог Қалдыбекова Г

1. Бірінші сұрақ бойынша Әдіскер Б.Әжімұратова «Педагогтардың мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесіне даярлығын жетілдіру» тақырыбы бойынша №4 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы хабарлама жасады. Аттестаттаудан өтетін педагогтар ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізіп, жалпы «жақсы» деп бағаланды. Балабақша бойынша балалардың білім деңгейлерін анықтау мониторингі қыркүйек, қаңтар, мамыр айларында жүргізілді. Жылдың соңында балалардың деңгейлері көтерілген. Мектепалды топтарының балалары мектепке дайын. Биыл мектепке балабақшадан - 48 түлек шығарып салдық. Ата-аналармен тығыз байланыста жұмыстар жүргізіліп, ақыл-кеңестер беріліп отырды, балалар туралы күнделікті ақпараттар айтылды. Білім басқармасынан, Тіл дамыту басқармасынан келген хаттар бойынша жоспарланып, дер кезінде барлық іс-шаралар, тәрбие сағаттары, ертеңгіліктер өткізіліп отырды. Қалалық іс-шараларға белсенді қатысып, балалар мен тәрбиешілер, мамандар алғыс хаттар мен грамоталарға ие болды. Жылдық жоспар бойынша барлық жұмыстар орындалды. Балабақшаның жұмысын «жақсы» деп бағалаймын.

Жыл бойы балабақшада істелінген жұмыстарға әдіскер Б.Әжімұратова қорытынды есеп берді. (Материалдар тіркелген)

2. Әр тәрбиешілер мен мамандардың жыл бойы істелінген жұмыстары туралы есеп берді. (Материалдар тіркелген)

3. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарымен меңгеруші Ж.Махметова. таныстырып, балалардың денсаулығын нығайту іс-шараларын айтып берді. Жазғы уақыт аралығында балаларды далада қабылдау, таңертеңгі жаттығуларды таза ауада жасау, бөлмелерді жиі ылғалды тазалау- осы іс-шараларға ерекше көңіл бөлуді ескертті. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының жоспары, жазғы ұйымдастырылған әс-әрекеттер кестесі, жазғы күн тәртібі, мамандардың жазғы ұйымдастырылған іс-рекетерперспективті жұмыс жоспарлары жасалынып бекітілсін.

4. Меңгеруші Ж.Махметова 2025-2026 оқу жылында педагог қызметкерлер аттестаттауға өтініш білдірді: тәрбиешілер: өтініш берді.

Осы аталған педагогтар біріншіден Ұлттық тестілеуден өтеді, ал екінші олардың портфолиолары сәйкес болу керек. Сондықтан курстарға, конференцияларға қатысып, біліктілігін арттырып, қалалық ашық ұйымдастырылған іс-әрекет көрсетеді және электронды портфолиосын, керекті құжаттарды дайындасын, аттестаттауға ұсынылады.

5. «Жақсы мен жаман біздің өміріміздің бөлігі!» атты педагог-психолог Қалдыбекова Г . өткізді.

Мақсаты: Өмірде кездескен қиыншылықтарға мойымау, өзгенің жанын түсініп, қажет кезінде көмектесу, барға қанағат қылу туралы ой бөлісу. Мазасызданудың алдын алу , стресстен арылуға көмектесу. Ұжымда жағымды қарым-қатынас орнату.

№5 Педагогикалық кеңесінің шешімдері:

1. Жазғы сауықтыру шараларының жоспары, жаз мезгілі бойынша оқу қызметтерінің кестесі, күн тәртібі, тәрбиешілер мен мамандардың перспективті жұмыс жоспарлары бекітілсін.

Меңгеруші Махметова Ж

Мерзімі: 29 мамыр 2025 жыл

2. Педагог қызметкерлерін аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын орындау бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Жауаптылар: Әдіскер, педагогтар ұжымы
Мерзімі: Жыл бойы

3. 2025-2026 оқу жылында төмендегі педагог қызметкерлер аттестаттауға ұсынылсын: Тәрбиеші: Уразбекова Ж «педагог - сарапшыға»; Музыка жетекшісі Тлебекова А «педагог-модераторға». Бараты аталды

4.Жыл бойы жасалған жұмыстар «жақсы» деп бағаланысын.

Осы шешімдердің орындалу барысын қадағалау өзіме жүктеймін.

№12 «Қарлығаш» балабақшасы
меңгерушісі Ж.К.Махметова
Хатшы: Т.Кулынтаева